

## Талов ауылы

Талов ауылы 1930 жылы құрылған. Бұрын ол «Махан ауылы» деп аталыпты. Махан деген байдың қыстағы болыпты. Маханда қызмет жоқ болған соң халық Кіші Өзен жағасында шекара бойынша Маштаков деген байға жалданып жұмыс істеген. Сондықтан «Махан» ауылы «Маштақ» болып аталып кеткен. Маштаковтың мейірімділігі Маханның тұрғындарына көп көмек берді. Адамдар бау-бақша егіп, үйлер сала бастады, мал, құс өсіріп, тұрақты бір орында тұрады. БҚО, Жәнібек ауданында орналасқан Талов ауылының қарамағында 60,000 га жер болған, оның ішінде 34,000 га егістікке берілсе, 26,000 га мал жайылымы болды. Талов Ресейдің Саратов, Волгоград облыстарымен шекаралас. Табиғаты құрғақтау, жазы ыссы, қысы қатты.

Шекараласында Малый-Узень өзені бар. 1930-1958 ж.ж. кеңшарды Бахтияров, Штепа, Герштанский, Ильин, Очин деген директорлар басқарған. 1958 жылы кеңшар директоры Г.Е.Панченко болды. Кеңшарға «Племкеңшар» №412 атағы берілді. Содан бастап кеңшар ақбасты тұқымдастылармен атағы жер жарды. «Рекорд» атты бұқа БХШЖ көрмесінде I орын иемденген. 1961 ж. кеңшар Англиядан үш бұқаны сатып алды. Суыққа төзімді тұқымдылары өсіру тәсілімен, асыл тұқымды мал өсіру тәжірибесімен бөлісу үшін мамандар Абхаз, Украин, Өзбекистаннан келген. Сонымен қатар, егін шаруашылығы жұмыс жасады. Үлгілі МТС гаражы әр түрлі техникамен қамтылған. 1976 ж. Г.Е.Панченко зейнеткерлік демалысқа шықты. 1976-1986 ж.ж. кеңшар директоры Қ.Х.Бекесов болды. Сол кездері ауылға ауыз су жүргізілді. А.Субботин директор болған кезде ауылда 3 қабатты мектеп салу жұмысы басталып, 1986 жылдың 1 қыркүйек күні алғашқы қоңырау соғылып, пайдалануға берілді. Ауылдың жолдары түзеліп, асфальт салынды. Бір жыл кеңшар директоры болып Қ.Тұрдалиев, жұмыс істеді. И.Р.Жұмабаев директор болған кезде ауылға газ құбыры өткізіліп, пайдалануға қосылды, жаңа жеке үйлер салынды. Кеңшар тарағаннан кейін «Маштақ» атты жеке кәсіптік серіктестік құрылды, басшысы Т.Т.Пергалиев болды.

Талов ауылдық округі Бұрынғы Талов селолық Кеңесі негізінде БҚО әкімінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі қаулысымен құрылған. Орталығы - Талов ауылы. Округке - Талов ауылы мен Майтүбек елді мекені кіреді. Тұрғыны 1,1 мың адам (2007). Округ бойынша 1997 ж. 44 шаруа қожалығы құрылған. Округ орталығында Ғ.Сарыбаев атындағы орта мектеп, мәдениет үйі, дәрігерлік амбулатория, басқа елді мекендерде 3 бастауыш мектеп және клуб,

кітапханалар, 4 мед.пункт бар. Тұрғындары елді мекендермен автомобиль жолы арқылы қатынасады. Ауылдық округ әкімдері: Өтешев Амангелді Өтешұлы (1995-1998), Коняев Махмут Мәсекейұлы (1998-2000), Әмірғалиев Ақылбек Борашұлы (2000-2001), Кенжеғалиев Мертен Мұстақұлы (2001-2003), Нұрмұханов Сағынай Шаутабайұлы (2003-2005), Коняев Махмут Мәсекейұлы (2005-2008), Мұхамбетжанов Марат Насиболлаұлы (2008), Закарин Нұркен Сансызбайұлы (2008 жылдан бері).

Талов - ауыл, әкімшілік округ орталығы. Аудан орталығы Жәнібек ауылынан солт-ке қарай 123 км жерде, жусан аралас еркекшөп, көкпек, т.б. әр түрлі сораң шөптер сортаңдау, бозғылт қоңыр топырақты шөлейт белдемде орналасқан. Іргесі 1931 жылы қаланған. 1997ж. дейін Талов асыл тұқымды етті мал кеңшарының орталығы болды.